



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1712 от 09.09.2024

**2024-2025 оқу жылында білім беру  
ұйымдарында эксперименттік  
аандар мен инновациялық  
жобалар туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы, Астана қаласының білім беру ұйымдарында оқу сапасын жақсарту мен оқу үрдісіне жаңа білім мазмұнын енгізу және 2023 жылғы 09 маусымдағы қалалық сараптамалық кеңестің №1 хаттамасы және 2023 жылғы 27 тамыздағы қалалық сараптамалық кеңестің №2 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарындағы эксперименттік аандар бағдарламаларының орындау мерзімі аяқталуына байланысты келесі эксперименттік аандар жабылсын.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:

- №17 «Бір-Төстік» балабақшасы - «Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу процессінде түзету-дамытудың кешенді жұмыстары арқылы тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру»;
- №63 «Әсем-Ай» балабақшасы - «Табысты әлеуметтенудің факторы ретінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің эмоционалды интеллектісін дамыту»;

Жалпы орта білім беру ұйымдарында:

- №14 мектеп-гимназиясы - «TED talks – «Көптілді білім берудің ең тиімді әдіс ретінде»;
- №33 балабақша-бастауыш мектеп» кешені - «Француз тілін үйретуде мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың тиімділігін көрсету»;
- №57 орта мектеп - «Сөз қадірі өз қадірің»;

- №85 мектеп-лицейі - «Орыс тілінде оқытатын сыныптарда эстетикалық бағыттағы (Музыка, Дене шынықтыру, Көркем еңбек, Өзін-өзі тану) пәндерді қазақ тілінде жүргізу».

Техникалық және кәсіптік беру ұйымдарында:

- «Көлік және коммуникация» жоғары колледжі, «0902000 «Электрмен жабдықтау (салалар бойынша) мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат бағдарламасын енгізу»;

- Кәсіптік - техникалық колледжі – 1109000 «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту;

- Құрылыс-техникалық колледжі – 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету» (салалары бойынша) мамандығы бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту;

- Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі – 0513000 «Маркетинг» мамандығы бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту;

- Еуразия гуманитарлық институты жанындағы колледжі – 0512000 «Аударма ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат бағдарламасын енгізу;

- Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі-01140700

«Информатика» мамандығы, 01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» біліктілігі бойынша «Ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістері» арнайы пәнді ағылшын тілінде оқыту;

- Тамақтану және сервис колледжі – «Тамақтану саласы бойынша STEM білім беруді қолдану».

2. Білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында эксперименттік режимде

жүзеге асырылатын келесі аяңдар жұмысы жалғастырылсын.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:

- №1 «Бәйтерек» балабақшасы – «Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қолайлы білім беру ортасын және білім беру процесін құру»;

- №3 «Күншұнақ» балабақшасы - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жағдайында ойын терапия арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту»;

- №4 «Аружан», №8 «Думан», №16 «Шағала», №17 «Ер-төстік», №18 «Аяжан», №27 «Балауса», №28 «Жұлдыз», №32 «Балдаурен», №39 «Меруерт», №49 «Алтынай», №50 «Жұлдыз», №56 «Береке», №59 «Аққанат», №78 «Асыл», №79 «Шабыт», №81 «Әсемгүл», №86 «Зияткер», №91 «Еңлік», №98 «Мирас» балабақшалары - «Абай аманаты»;

- №5 «Ақбота» балабақшасы - «Әлемдік ойындар кейсі негізінде ұлттық зияткерлік ойындарды түрлендіру»;

- №6 «Көктем», №71 «Мөлдір» балабақшалары - «Асық – терапия арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін арттыру»;

- №7 «Аққу» балабақшасы - «Балабақшада инклюзивті білім беруде «Кластер» технологиясын қолдану»;

- №9 «Нұршашу» балабақшасы - « 4И технологиясы арқылы инженерлік

ойлау мен зерттеу дағдысын дамыту (қызығушылық-зерттеу-инженерия-ойын));

- №11 «Гауһар» балабақшасы - «Балалардың шығармашылық белсенділігі мен коммуникативті дағдыларын арттыру құралы ретінде анимациялық фильмдер жасау»;

- №15 «Дарын» балабақшасы - «Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту»;

- №19 «Балбөбек» балабақшасы - «Музыкалық тәрбие арқылы балалардың ұлттық-мәдени құндылықтарын арттыру мен ноталық сауаттылығын дамыту»;

- №20 «Арайлым» балабақшасы - «Нейро ойындар арқылы балалардың танымдық құзыреттіліктерін дамыту»;

- №21 «Гүлдер», №26 «Үміт» балабақшалары - «Макет технологиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлаудың тиімділігі»;

- №22 «Әлем» балабақшасы - «Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда әртүрлі әрекеттер арқылы сенсомоторлық дағдыларды дамыту»;

- №24 «Айналайын», №60 «Арай», №74 «Дәурен», №84 «Кәусар», №92 «Жауқазын» балабақшалары - «Балабақшаның көгалдандыруда жүргізілетін ландшафтық зерттеулер»;

- №32 «Балдәурен» балабақшасы - «Шағын мұражайлар арқылы балалардың зерттеу дағдыларын дамыту»;

- №33 «Алтын дән» балабақшасы - «Мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді әлеуметтендіру технологиясын балалар кеңістігін құру тәсілі ретінде қолдану»;

- №35 «Ертегі» балабақшасы - «Soft Skills дағдыларын дамыту арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру»;

- №37 «Арман» балабақшасы - «Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытудағы 3D мэппинг технологиясының тиімділігі»;

- №38 «Шаттық» балабақшасы - «Мектеп жасына дейінгі балалардың мүсіндеу іс-әрекетінде қыш өнерін пайдаланудың ерекшеліктері»;

- №42 «Бәйшешек», №77 «Қошақан», №87 «Қадыр» балабақшалары - «Мектеп жасына дейінгі балаларда ерте кәсіптік бағдарлауды қалыптастыру»;

- №44 «Үркер» балабақшасы - «Мектеп жасына дейінгі балалардың инженерлік ойлау мен зерттеушілік дағдыларын ойын арқылы дамыту»;

- №46 «Самал» санаториялық балабақшасы - «ECERS-3 сапасын бағалау инструменттерін пайдалану арқылы балабақшаның білім беру ортасын дамыту»;

- №46 балабақша-мектеп кешені - «4К» негізгі құзыреттерін қалыптастыру тәсілі ретінде ойын технологияларын (Геймификация) пайдалану»;

- №47 «Ақжелкен» балабақшасы - «Балалардың танымдық-тілдік қабілеттерін эйдетика әдістемесі арқылы дамыту»;

- №54 «Нұрай» балабақшасы - «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды

дамыту мен оқытудың заманауи тәсілдері»;

- №65 «Бал бала» балабақшасы - «Лэпбук технологиясы арқылы балалардың

коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту»;

- №66 «Толағай», №85 «Мейіржан», №88 «Баян сұлу» балабақшалары – «Lesson study тәсілі арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту»;

- №67 «Шұғыла» балабақшасы - «Фребельден роботты техникаға дейін – балалардың қурастыру-техникалық шығармашылығын дамыту»;

- «№69 «Еркемай» балабақшасы - «Г. Кертаеваның әдістемесінің тиімділігін

зерделеу»;

- №72 «Жанарым» балабақшасы - «Луллия шеңбері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту»;

- №75 «Балалық шақ» балабақшасы - «Балабақшада тілдік дамытушы ортаны қалыптастыру арқылы ана тілді оқыту дағдыларын дамыту»;

- №76 «Әдемі» балабақшасы - «Мектеп жасына дейінгі балаларға математиканы Сингапур әдісімен үйрету»;

- №80 «Ботақан» балабақшасы - «Жәндіктердің биоәртүрлілігінің зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы»;

- №86 «Зияткер» балабақшасы - «Өлкетану»;

- №93 «Айгөлек» балабақшасы - «Мектепке дейінгі жастағы балаларды ізгілікке тәрбиелеуде интерактивті әдістерді қайдалану»;

- №95 «Алматы» балабақшасы - «Ізгілік педагогикасы негізінде балалардың

сөйлеу тілін дамыту»;

- №96 «Аяла» арнайы балабақшасы - «Lesson study тәсілі арқылы ерекше қажеттілігі бар балалардың ортаға қалыптасуын зерттеу»;

- №№2, 10, 12, 29, 41, 51, 52, 65, 68, 73 балабақшалары - «Балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту»;

- «Kidz n'totz» жекеменшік балабақшасы - «Жекеменшік балабақшадағы STEM-оқытуды дамыту».

Жалпы білім беру ұйымдарында:

- №41 орта мектебі - «Этнопедагогика қазақстандық бірегейлік пен бірлікті сақтау факторы ретінде қолдану»;

- №46 балабақша-мектеп-гимназия кешені – «Қоқыстарды сұрыптау және балаларға арналған тұйық экономикасы», «Jugend debattiert» - оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырудың білім беру технологиясы;

- №№50, 58, 67, 71, 84, 88 мектептер - «Жүйелілік тұғыр» технологиясы арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру»;

- №№3, 4, 10, 14, 19, 23, 26, 29, 30, 31, 32, 33, 49, 51, 52, 55, 58, 63, 65, 67, 68,

69, 77, 78, 80, 83, 86, 87, 89, 90 мектептері - «Бала Абай»;

- №7 мектеп-гимназиясы: «Ғалитану»;

- №53 мектеп - лицейі - «Кәсіби шеберлік мектебі»;

- №77 мектеп - гимназиясы - «Кіші Абай»;